

Б. Е. Жақсыбаев, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі кез келген дамыған және даму жолындағы мемлекеттердің ең маңызды міндеттерінің бірі деуге болады. Біздің елімізде де бұл мәселе қазіргі таңда аса өзекті болып отыр. Салынып жатқан құрылыстар жеткіліксіз. Тұрғын-үй құрылысының жағдайымен халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі жағдайын анықтау үшін жасалған талдамалар, баспанаға мұқтаж халықтың аса көп екендігін көрсетіп отыр.

2014 жылы 23 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңының 22-бабында ішкі істер органдары қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй құқықтары туралы қарастырылған. Аталған бапқа сәйкес тұрғын үйге мұқтаж ішкі істер органдарының қызметкері және оның отбасы мүшелері ішкі істер органдарында қызмет әткерген кезеңге тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ішкі істер органдарының тұрғын үйге мұқтаж қызметкеріне тұрғын үймен қамтамасыз етілгенге дейін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы тәленеді деп көрсетілген. Алайда қазіргі уақытта ішкі істер органдары қызметкерлерінің көпшілігі тұрғын үйлерге мұқтаж, бірақ тұрғын үйлермен қамтамасыз етілмеген. Тұрғын үймен қамтамасыз етілгенге дейін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақылар да барлық ішкі істер органдары қызметкерлері үшін тәленбейді, тек нақты бір лауазымдағы қызметкерлер үшін ғана кәзделген, бұған қатысты тәменірек тоқталып кетемін.

Бұл заңда тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы тәлеу тәртібін, сондай-ақ әтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдары қызметкерлері лауазымдарының санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Теріс себептер бойынша қызметтен шығарылған ішкі істер органдарының қызметкерлерін қоспағанда, қызметтен шығарылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сінірген жылдары бар ішкі істер органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ күнтізбелік есеппен он және одан да көп еңбек сінірген жылдары бар және мүгедек балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, әздері тұратын тұрғын үйді әтеусіз жекешелендіріп алуға құқығы бар.

Асыраушысынан айырылған ішкі істер органдары қызметкерінің отбасын басқа тұрғын үй берілгенше әздері тұратын қызметтік тұрғын үйден немесе қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйден шығаруға болмайды.

Ішкі істер органдарында қызмет әткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің отбасы мүшелерінің қаза тапқан (қайтыс болған) адамның еңбек сінірген жылдарына қарамастан, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйін әтеусіз жекешелендіріп алуға құқығы бар.

Осы заңға сәйкес ішкі істер органдары қызметкерлерлерінің отбасы мүшелері деп: жұбайы (зайыбы), екеуінің немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған балалары (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы); балалар (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы) және жұбайының (зайыбының) білім беру ұйымдарында күндізгі оқу бәлімінде оқитын жиырма үш жасқа дейінгі балалары; мүгедек балалар (асырап алған, асырап-бағуындағы немесе қамқоршылығындағы) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедек болған мүгедек балалары; қызметкердің асырап-бағуындағы ата-аналары және жұбайының (зайыбының) ата-аналары түсініледі.

Ішкі істер органдары қызметкерінің асырап-бағуындағы адамдар деп оның табысы есебінен әмір сүретін және дербес табыс кәзі жоқ отбасы мүшелері танылады.

2011 жылы 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабында Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің тұрғын үйге құқықтары қарастырылған.

Бұл заңға сәйкес қызметкерлер мемлекеттік тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үй-мен қамтамасыз етілу құқығын пайдаланады². Бірақ қазіргі уақытта ішкі істер органдары қызметкерлері бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етілулері байқалмайды, нақтырақ айтатын болсам әз әріптестерім арасынан он жылдан астам тұрғын үйге кезекте тұрғанымен де, әлі күнге дейін тұрғын үймен қамтамасыз етілмегендер кездесіп жатады.

Күнтізбелік он жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлер тұрақты тұрып жатқан, қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үйлерін, аталған қызметкерлердің қалауына қарай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда қалдық құны бойынша меншігіне сатып ала алады.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері басқа тұрғын үй-жай берілмей қызметтік тұрғын үйден шығаруға жатқызылмайды.

Қызметкер қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан жағдайда, ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей, қаза тапқан адамның отбасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен және тәртіппен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға құқылы.

Қазіргі уақытта «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы тәлеу қағидаларын, сондай-ақ әтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашада қабылданған қаулысы әрекет етедіз.

Осы қаулы ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы тәлеу қағидалары Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі⁴ және «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңдарына сәйкес әзірленіп және ішкі істер органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін ішкі істер органдарында қызмет әткеру кезеңінде тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлерге тұрғын үйді жалдағаны (жалға алғаны) үшін әтемақы тәлеу тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларға қолданылмайды.

Осы жоғарыда кәрсетілген қаулыда тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бекітілген. Осыған байланысты, неге нақты қаулыда бекітілген лауазымдағы қызметкерлер үшін ғана әтемақы тәленеді, ал басқа лауазымда қызмет атқаратын ішкі істер органдары қызметкерлеріне әтемақы неге тәленбейді деген сұрақ туындайды. «Ішкі істер органдары туралы» және «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдар барлық қызметкерлерге бірдей қолданылады. Қаулыда бекітілген лауазымдардың тізіміне кірмейтін лауазымдарда қызмет атқарып жүрген қызметкерлер де өз жұмыс бабында кәптеген ауыр, қиын жағдайларға тап болып жатады.

Мысалға алатын болсам Ресей Федерациясының 2011 жылдың 7 ақпанында қабылданған «Полиция туралы» Федералдық Заңының 44-бабына сәйкес полиция қызметкерін тұрғын үймен қамтамасыз ету федералдық бюджет есебінен қызметтік тұрғын үй беру немесе тұрғын үйді жеке меншікке беру немесе тұрғын үйді сатып алуға бір жолғы әлеуметтік әтемақы тәлеу қарастырылған. Полицияға арналған тұрғын үй қоры бар. Учаскелік полиция инспекторы лауазымындағы полиция қызметкері, тағайындалған күнінен бастап әзінің қызмет кәрсететін аумағында тұрғын үйі болмаса, алты айдан кешіктірілмей қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етіледі деп кәрсетілген⁵.

2011 жылы 19 шілдеде қабылданған «Ресей Федерациясының ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік кепілдіктері туралы» Федералдық Заңының 4-бабына сәйкес ішкі істер органдарында он жылдан кем емес еңбек әтілі бар қызметкерлер, күнтізбелік күндермен есептегенде, қызмет атқару кезеңінде тұрғын үйді салуға немесе сатып алуға арналған бір жолғы әлеуметтік әтемақы тәлемдерін алуға құқығы бар⁶.

«Ресей Федерациясы ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үйді салуға немесе сатып алуға арналған бір жолғы әлеуметтік әтемақы тәлемдерін алу тәртібі» 2011 жылы 30 желтоқсанда Ресей Федерациясының Үкіметімен бекітілген қаулысында кәрсетілген⁷.

Ұсыныс ретінде ішкі істер органдарының тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлерін тұрғын үй-мен қамтамасыз етілгенге дейін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақылар барлық ішкі істер органдары қызметкерлеріне тәленуі қажет. Мемлекеттің бюджетіне үлкен шығын келеді дейтін болсақ, онда тұрғын үй қоры мәселесіне кәңіл бәлген жән. Тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін, ішкі істер органдары қызметкерлеріне арналған үйлер салу қажет. Арнайы ішкі істер органдарының тұрғын үй қорын құру керек. Бұл қор Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорымен тығыз жұмыс жүргізеді. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің тұрғын үй-жайға кезекке тұруын бақылап, қадағалап, кезегі келген уақытта тұрғын үй-жайға ие бо-луын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру қажет. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің үй-жай мәселесін шешуде осы қордың кәп пайдасы тиеді деп ойлаймыз. Сондықтан аталған Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдік-терді біздің заңнамамызға енгізсек ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қамтамасыз етілуі жоғары деңгейде болады, тиісінше құқық қорғау қызметінің сапасы да жоғары деңгейде болады деп айтуға болады.

1 2014 жылы 23 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңының 22-бабы // <http://online.zakon.kz>

2 2011 жылы 6 қаңтарда қабылданған «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабы // <http://online.zakon.kz>

3 «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін әтемақы тәлеу қағидаларын, сондай-ақ әтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашада қабылданған қаулысы // <http://gov.kz>

4 1997 жылғы 16 сәуірде қабылданған «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // <http://online.zakon.kz>